

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АСТЫҚ ӨНДІРІСІНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Қ. Қ. АБУОВ

экономика ғылымдарының докторы, профессор

А.К. ШАЙМЕРДЕНОВА

докторант PhD

Г.Ж. ҚҰТТАЯҚОВА

магистрант

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Регрессивтік талдау негізінде экономикалық факторлардың Қазақстан Республикасы Ақмола облысы астық өндірісінің тұрақтылығына әсері анықталған. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қаржылық жағдайларының нашарлауына байланысты өнім көлемінің төмендеу себептері көрсетілген. Астық өндірісін өсіруге және интенсификацияға бағытталған шаралар кешені ұсынылған.

На основе регрессионного анализа определено влияние экономических факторов на устойчивость зернового производства Акмолинской области Казахстана. В связи с ослаблением финансового состояния сельхозпредприятий показаны причины снижения его объемов. Предложен комплекс мер, направленный на рост и интенсификацию производства зерновых культур.

Based on regression analysis, the impact of economic factors on sustainability of grain production in Akmola region of Kazakhstan has been determined. Due to the weakening of financial condition of agribusinesses, the reasons for the decline of its volumes have been demonstrated. A set of measures aimed at the growth and intensification of grain crop production has been proposed.

Тұтқалы сөздер: Тұрақтылық, дәнді дақылдар, жалпы өнім, өнімділік, егістік алқабы, жалпы түсім, тұрақтылық коэффициенті, орташа квадраттық ауытқу, вариация коэффициенті, өсу коэффициенті, көптік регрессия.

Ключевые слова: зерновые культуры, урожайность, посевная площадь, коэффициенты устойчивости, вариации роста, среднее квадратичное отклонение, множественная регрессия.

Keywords: grain crops, yield capacity, crop area, sustainability coefficients, growth variations, standard deviation, multiple regressions.

Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі және оны әлемдік ауыл шаруашылығы өндірісі интеграциялау аумақтық білім беру деңгейінде аграрлық секторды дамыту тұрақтылығын қамтамасыз етуді, оның өзгеріп отыратын сыртқы жағдайларға жоғары бейімділігін, әр түрлі инновациялар мен ғылыми – техникалық прогрестерге қабілетті болуын талап етеді. Мұндай сұрақтар көбінесе реформа жүргізу кезінде елеулі өзгерістерге ұшыраған, оның серпінді дамуына мүмкіндік туғызбай, реформалаудың

бірінші жылында ауыл шаруашылығы өндірісінің әлеуеттік мүмкіншілігін төмендетуге әкелген. Бұл мәселелер ауыл шаруашылығының жұмыс істеу жағдайы мен жай-күйіне байланысты шешіледі.

Ақмола облысының ауылшаруашылық кәсіпорындарындағы аграрлық өндірістің тұрақтылық деңгейін зерттеу кезінде қалыптасқан тенденцияларды анықтауға мүмкіндік берді.

Рынок продовольственной продукции

Есептеу бойынша (1-кесте) аймақтық аграрлық кәсіпорындарда ауыл шаруашылығы өндірісі 2005-2013 ж.ж. 40,8%-ға ауытқиды. Сонымен қатар, өсімдік шаруашылығы бойынша жалпы өнімнің орташа жылдық ауытқуы 52,2%, ал мал шаруашылығы - 21,4% деңгейде болды. Ауытқу нәтижесіндегі мұндай айырмашылықтар өсімдік шаруашылығы

өнімін өндіру көлемі ауа райына елеулі тәуелді екенін түсіндіреді. Сәйкесінше, талдау кезінде Ақмола облысында ауыл шаруашылық кәсіпорындарында жалпы өнім өндірудің тұрақтылық коэффициенті 59,2%, өсімдік шаруашылығы өнімінің – 47,8%, мал шаруашылығы өнімінің – 78,6% құрады.

1-кесте Ақмола облысында ауылшаруашылық кәсіпорындарында ауыл шаруашылығы жалпы өнімін өндіру тұрақтылығының 2005-2013 ж.ж. көрсеткіштері

Көрсеткіштер		Вариация коэффициенті	Тұрақтылық коэффициенті	Орташа жылдық өсу коэффициенті
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі		40,8	59,2	1,20
Соның ішінде	Өсімдік шаруашылығы өнімі	52,2	47,8	1,25
	Мал шаруашылығы өнімі	21,4	78,6	1,10

Ақмола облысының ауылшаруашылық кәсіпорындарында аграрлық өнімді өндіруде орташа жылдық өсу қарқыны 20%, сонымен қатар өсімдік шаруашылығында 25%, мал шаруашылығында – 10% құрады. Бірақ, аймақта аграрлық өнімді өндіру көлемінің өсуі әлі де оның жоғары тұрақтылығын көрсетпейді, өйткені ішкі және сыртқы сипаттағы шешілмеген бірқатар мәселелер бар: өсімдік шаруашылығының дәнді дақылдар өнімділігінің төмендеуі (табиғи-климаттық жағдайлары ұқсас дамыған елдерге қарағанда шамамен 30% төмен), ауылшаруашылық техникасы мен технологиялық құрылғылардың тозуы, агротехнологиялық процестерін химизациялау деңгейінің жетіспеушілігі және т.б. Осы мәселелердің салдары болып сонымен қатар дамыған елдермен салыстырғанда аграрлық секторда еңбек өнімділігі деңгейінің төмендігі, сыртқы нарықта отандық өнімнің бәсекеге қабілет-тілігінің нашарлығы болып табылады [1].

Жасалған есептеулерде аймақта аграрлық өнімді өндірудің тұрақты даму деңгейіне сыртқы факторлар, яғни оның ішіндегі ауыл шаруашылығы өнімі нарығындағы баға ахуалы да әсер ететінін көрсетті. Зерттеу кезеңіндегі жылдар бойынша тербеліс амплитуда мен бағаның тез жоғары өсуі, аграрлық өнімді өндіру тұрақтылығы мен тиімділігіне теріс әсерін тигізетіні сөзсіз, жоғарыда көрсетілген кестедегі есептелген ағымдық бағалардағы ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің тұрақтылық коэффициенті осыны дәлелдейді.

Ақмола облысының аграрлық секторының техникалық саясаты қазіргі бар машина-трактор паркін қолдап отыруға ғана емес,

сонымен қатар оны жаңарту мен жетілдіруге бағытталған.

Қалыптасқан техникалық жабдықтау деңгейі аймақта ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімді дамуына әлі де толық мүмкіндік туғызбайды. Ауыл шаруашылығы өндірісінде бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату мақсатында астық саласын қазіргі заманғы ауылшаруашылық машиналары мен техникалық қайта жарақтандыру керек (2-кесте).

Ауылшаруашылық кәсіпорындарының деңгейіндегідей, аймақ және жалпы ел бойынша факторлардың барлық жүйесінің ықпалымен қалыптасқан астық өндірісі тұрақтылығының нақты деңгейі интегралды көрсеткіш болып табылады.

Агроклиматтық жағдайлар, топырақтың құнарлығы, ұйымдастырушылық-экономикалық және басқа да факторлар астық дақылдарының өсімдік шаруашылығы мен технологиясы жүйелерінің барлық құрамдастығының әрекеттесуімен бірге өнімділік пен жалпы жиынның тұрақтылығына тұтас әсер етеді [2].

Осыған байланысты, дәндік өнімдер ауданын тұрақты жоғарылатуға өсімдік шаруашылығын қарқындату факторларының әсерін бағалап қана қоймай, сонымен қатар дәнді дақылдар өнімділігі мен жалпы жиын тербелісіне әсер ететін осы факторлардың тұрақтылығын анықтау қажет. Осы мақсатта басқарылатын факторлар арқылы өндірістің тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін біз регрессиялық талдау жүргіздік.

Өсімдік шаруашылығын қарқындату факторларының тұрақсыздығы – ол астық өндіру көлемінің айтарлықтай өзгеруі, ауылшаруашылық кәсіпорындарының қаржылық жағдайының төмендеуі бірінші себеп. Осыған сәйкес ауылшаруашылығы өндірісінің тұрақтылығын жоғарылатуға экономикалық механизм құру керек.

Баға диспаритетін жою керек және ауылдық тауар өндірушілерге аграрлық өндірісте дағдарыстан шығуға мүмкіншілігі болу үшін жер шаруашылығын қарқындату құралдарын қолжетімді ету керек.

Дәнді дақылдарды өндіру тұрақтылығының параметрлері – ауылшаруашылық кәсіпорындарды энергия және ресурстарды сақтау технологияларын меңгеруге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы техникалармен, минералды тыңайтқыштармен, өсімдіктерді қорғау құралдары және басқа да ресурстармен қамтамасыз ету [3,4].

Баға теңдестігі, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп өндірісіне астық шаруашылығын рентабельді жүргізу үшін, топырақ құнарлығын қалпына келтірумен қоса, қайта жасау процесінде көңіл бөлу керек. Бірақ бүгінгі таңда топырақтың гумустік балансы тапшы болып табылады. Ақмола облысында 90 – жылдардың басында жыртылған жер ауданында топырақ құрамындағы гумус 66,9% – және одан да төмен (29,0%-ында орташа және 4,1%-ында – жоғары гумус болған). Облыс топырағының агрохимиялық мониторингі, қазіргі уақытта облыс бойынша құрамында төмен гумусы бар топырақ, жыртылған жер ауданының 68,8% алатынын көрсетті. Жалпы Қазақстан Республикасы бойынша соңғы 20 жылда топырақтағы органикалық зат (гумус) құрамы 10-30% төмендеді.

Сондықтан, астық өндіру тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүйесі мынадай екі жүйеден тұру керек:

- кәсіпорын немесе бірнеше кәсіпорын деңгейінде өз қорлары арқылы іске асырылатын іс-шаралар (микро деңгей);

- жалпы экономика мен сала деңгейінде қорлардың жинақталуын және шешімдердің үйлестіруін талап ететін іс-шаралар (макро деңгей) [5].

Астық өндірісінің жұмыс жасауын қамтамасыз етуді арттыру бойынша амалдар кешенін жүзеге асыру, біріншіден макро деңгейде іске асырылу керек және мемлекеттің жан-жақты қолдауын талап етеді.

Ақмола облысының астық өндірісін дамыту тұрақтылығын зерттеу нәтижелері, астық өндірісінің жұмысын тұрақтандырудағы мемлекеттік басқарудың басымды бағыттары

болатын, астық өндірісі саласын тұрақтандыруды жоғарылату үшін негізгі проблемаларды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Жалпы астық өндірісі саласының және әр астық өндірушінің бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауы, қалыптасуы көбінесе келесі амалдарды шешу арқылы мүмкін болады:

- келешекте еліміздің басты мақсаты болып ауыл шаруашылығының астық өңдеу секторын дамытуды қолдау болу керек. Сонымен қоса негізгі акцент – өнімді жоғары қосымша құнмен шығару үшін ауыл шаруашылық шикізатын тереңдете өңдеу керек.

- мемлекеттік органдарға астық өндірушілерді қамтамасыз етуді ақпараттық-консультативті кеңейту бойынша жұмысын күшейту керек.


- транспорттық инфрақұрылымның нашар дамуы себебінен астық өндірушілер өз өнімін рынокке жеткізумен байланысты үлкен шығынға ұшырайды, сондықтан фермерлерге өнімді өткізу нарығына және өңдеуші кәсіпорындарына кіруге рұқсат беру керек.

Ауылшаруашылық техникасын жаңартуға бағытталған іс-шаралар кешенін қабылдау керек, отандық машина жасауды жетілдіру қажет, ауылшаруашылық лизингісін кеңейтудің маңызы зор.

Ауыл шаруашылығын қалыптастыруда менеджмент тиімділігін жоғарылату қажеттілігі ауыл тұрғындарын ауыл шаруашылығында еңбекті ұйымдастырудың және басқарудың жаңа әдістерін оқыту бағдарламасын құруды және қабылдауды талап етеді.

Ауылшаруашылық кәсіпорындарында инновациялық қызметті дамытуға ерекше мән беру керек. Өйткені өнімді өндіру және сапасын жоғарылату тиімділігі, қолданбалы аграрлық зерттеулерді дамыту мен қолдану дәрежесіне, бар технологиялардың бейімделуі мен өндірушілерге жаңа технологияларды беруге байланысты болады.

Көрсетілген амалдарды жүзеге асыру, біріншіден негізгі мақсатқа жетуге – еңбек өнімділігін жоғарылатуды, өндірісті диверсификациялауды, құрылымдық өзгерістерді, және де басқа артықшылықтарды жобалап, түсетін астық өндіруді қарқындатуға бағытталған. Қарқындату ең алдымен астық өндіру саласына ақша қаражатын жұмсауды арттырумен, ауылшаруашылық кәсіпорындарының материалды-техникалық базасын нығайтумен, өндірістің экономикалық тиімділігін жоғарылатумен байланысты. Астық өндірісін қарқындату оның бағытына әсер ететін көптеген факторларға (қарқындар мен тиімділік) байланысты. (сурет).



Сурет - Астық өндірісінің қарқынды жоғарылатудың жолдары

Осылайша астық өндірудің интенсивті формасына көшу – ол оның өндіру күшінің өсімі, өнеркәсіп деңгейіне техникалық жабдықталу мен өндірісті ұйымдастыру бойынша саланың жақындауы, ауылшаруашылық еңбектің өнеркәсіптік еңбектің өзге түріне біртіндеп өзгеруі. Қарқындау арқылы стихиялық табиғат күшінен ауыл шаруашылық тәуелділігі азаяды және минимумға әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Габдуалиева Р.С. Сельское хозяйство региона как объект государственного регулирования //Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия экономическая, 2006.- №6(58).-С. 14.

2 Жапаров К.Ж., Жапаров Т.К. Региональные проблемы устойчивости аграрного производства и продовольственной безопасности.- Костанай, 2006.- 263 б.

3 Бойко И.П. Проблемы устойчивости сельскохозяйственного производства. – Ле-

нинград: Издательство ленинградского университета, 1986. – 169 б.

4 Векленко В.И. Устойчивость земледелия - сущность, способы измерения, прогнозирования //Вестник сельскохозяйственной науки- 1990.— №9.- С. 76-83

5 Есжанов А.С. «Экономический механизм устойчивости сельскохозяйственных предприятий (на примере Костанайской области РК)», Диссертация на соискание ученой степени к.э.н. Астана – 2009 ж.

6 Казахстан за годы независимости 1991-2009. Статистический сборник. Астана, 2010 – 188б.

7 Статистический ежегодник Казахстана. Статистический сборник / под ред. А.А. Смаилова. – Алматы: Агенство Республики Казахстан по статистике, 2014. – 432б.